

#1

(976)

12 қаңтар

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews


vk.com.jasqazaq

t Jasqazaq

f Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



223 000 000

**2023 ЖЫЛЫ ЕЛІМІЗГЕ
223 МЛН КИБЕРҚАРАҚШЫЛЫҚ
ШАБУЫЛЫ ЖАСАЛДЫ**

(Мемлекеттік техникалық қызмет)

✓ BRENT \$78.25

✓ USD 453,4 T

✓ EUR 495,5 T

✓ RUB 4,97 T

БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ ШАМАМЕН 90% АУМАҒЫН ҚАР БАСЫП ЖАТЫР. МҰНЫҢ БАРЛЫҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ ҚАУПІН АРТТЫРА ТҮСЕДІ. МӘСЕЛЕН, ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТАРЫНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ СУ БАСЫП, ЖОЛДАРДЫ ШАЙЫП КЕТТІ. ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ ОРТАСЫНДА АЛМАТЫДА ЕСЕНТАЙ ӨЗЕНІ ДЕ АРНАСЫНАН АСЫП КЕТТІ. СУ ДЕҢГЕЙІ 1,5 МЕТРГЕ КӨТЕРІЛДІ. «МҰНДАЙ ЖАҒДАЙЛАР ҚЫС ОРТАСЫНДА, АЛДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗЕҢІНЕ ДЕЙІН ОРЫН АЛЫП ОТЫР. СОНДЫҚТАН, ӨҢІР ӘКІМДІКТЕРІ АТАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРГЕ АРНАЙЫ НАЗАР АУДАРЫП, ОСЫ БАҒЫТТАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ КҮШЕЙТУІ КЕРЕК», – ДЕДІ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР.

АЙТЫП КЕЛЕТІН АПАТҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Осы аптада Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ел өңірлерінің алдағы су тасқыны кезеңіне дайындығы қаралды.

«Су ресурстары министрлігі осы бастан су қоймаларын толтыру көлемін анықтап, оны тұрақты түрде бақылап отыруы қажет. Көршілес мемлекеттермен су шығыны және трансшекаралық өзендердегі қауіп туралы үзбей ақпарат алмасу керек. Қажет болған жағдайда, су қоймаларынан суды алдын-ала және қауіпсіз жіберу жөнінде шаралар қабылдануы тиіс», – деді Үкімет басшысы.

Премьер-Министр өткен жылы еліміздің оңтүстік өңірлерінде орын алған су тасқынына елді-мекендердің айналасында су бұру каналдарының, арықтардың, бөгеттердің жоқтығы себеп болғанын еске салды. Сондықтан қазірдің өзінде оңтүстік және батыс аймақтар жоғары дайындық режиміне өтуі керек.

Сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың жағдайына ерекше назар аударған жөн. Атап айтқанда, республикалық маңызы бар нысандарда, коммуналдық және жекеменшік су қоймалары мен бөгеттерде жөндеу жұмыстарын жандандыру қажет.

Әлихан Смайылов ақпан айында «Көктем-2024» оқу-жаттығуларын өткізіп, су тасқынына байланысты



Фото: ТЖМ

жағдай қиындаған кезде нақты іс-қимыл алгоритмін пысықтауды тапсырды.

Былырғы талдау нәтижесінде негізінен ойпатты жерлерде салынған, сондай-ақ су қорғау белдеулерінде және өзен арналарына жақын орналасқан үйлер су астында қалғаны анықталды. Осыға орай төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов: «Қазіргі уақытта ғимараттарды су қорғау белдеулеріне орналастыру – барлық жерде күрделі мәселе. Су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға мемлекет өтемақы төлемдерін жүргізеді. Сондықтан әкімдіктер бірінші кезекте аталған елді мекендерді қорғауды қамтамасыз етуін немесе оларды

көшіру мүмкіндігін қарастыруын және бұл аймақтарда болашақта құрылысқа тыйым салынуы қажет деп санаймын. Бұдан басқа, елді мекендерді су басу себептерінің бірі – гидротехникалық құрылыстардың бұзылу ықтималдығы», – деді.

Қолда бар 1,5 мыңнан астам гидротехникалық құрылыстардың 300-ге жуығына қауіп төнуі ықтимал, олардың көпшілігі халықты жергілікті құлақтандыру жүйелерімен жабдықталмаған.

Көлік министрі Марат Қарабаевтың дерегінше, республикалық автожолдар бойынша су тасқыны қаупі бар

396 учаске, 68 көпір және 768 су өткізу құбырлары анықталды. Автожолдарды реконструкциялау кезінде су тасқыны қаупі бар учаскелерде бірқатар жұмыстар қолға алынған.

Үкімет отырысында келтірілген мәлімет бойынша, су тасқынына қарсы шамамен 2 мың 500 текше метр тау-тас, 8 мыңнан астам кондициялық емес темірбетон шпалдары, 17 металл аралық құрылымдар, 44 релсті пакеттер мен 145 құбыр әзірленіп, 45 арнайы пойыз құрылып жатыр.

Автомобиль және темір жолдарды су тасқыны кезеңіне дайындау барысы бақылауда және барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр.



ҚАЗІР АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА, ЖҰРТШЫЛЫҚ АРАСЫНДА КӨП ТАЛҚЫЛАНЫП ЖАТҚАН МӘСЕЛЕНІҢ БІРІ МОБИЛЬДІ АУДАРЫММЕН БАЙЛАНЫСТЫ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ШАҒЫН ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДАҒЫ САУДАГЕРГЕ, СОНДАЙ-АҚ ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІ, ШАШТАРАЗ СИЯҚТЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУШІЛЕРГЕ ҚОЛМА-ҚОЛ ЕМЕС, БАНК ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ АУДАРЫМ ЖАСАУ БЕЛЕҢ АЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. БҰЛ ЕКІ ЖАҚҚА ДА ҚОЛАЙЛЫ-ТҰҒЫН.

ӘККІ КӘСІПКЕР САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУДЫҢ ЖОЛЫН ТАБАДЫ

салынады. Түбіртек бермегені үшін – 15-тен 50 АЕК-ке дейін айыппұл және бар (биылғы АЕК – 3692 теңге).

Былай қарасаң, үркетін ештеңе жоқ. Төленетін салық мөлшері соншалықты қомақты емес: тіркелу түріне қарай 1, 3 және 4 пайыз.

Мәселен, такси қызметін ұсынатын адам такси агрегаторлары, арнайы қосымшалар арқылы тіркеліп, өзге әлеуметтік төлемдермен (міндетті зейнетақы жарнасы, әлеуметтік және МӘМС төлемі) бірге ай сайын 1 пайыз салық төлейді. Егер айына 100 000 теңгеге қызмет көрсетсе, 1 пайызың – 1000 теңге. Арнайы қосымшаның ішінде касса аппараты бар, яғни оны бұрынғыдай сатып алып, шығынданудың қажеті жоқ. Түбіртекті электронды түрде шығарып, клиентке жібере алады.

Өткенде мемлекеттік кірістер комитеті «Төлем және төлем жүйесі туралы» заңның 25-бабына сәйкес,

аударымның орнына қолма-қол ақшаны талап ету заңсыз, ол үшін әкімшілік жауапкершілік бар екенін тәптіштеді. Заң бұзғанға алдымен ескерту жасалады, әлгі әрекетін қайталаса, 40 АЕК (147 680 теңге) айыппұл арқалайды.

Қазір түсіндіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Дегенмен әккі кәсіпкер салық төлемеудің жолын тапқан сияқты. Мәселен, кеше қаладағы базардың бірінде жеміс-көкөніс сатып тұрған әйел қойын дәптерін шығарып, «мына нөмірге жіберіңіз» деген өтініш айтты. «Менің каспиім істемей қалды», – деді жымыып. Келте қулығының құйрығы бір-ақ тұтам. Кәсіпкер атаулы осы тәсілге көшсе де таң қалмаймыз. Өйткені үш айда 100 аударымның ғана есепке алынуы салықтан жалтаруға саңылау беріп тұр.

Жаңа жылдан бері ұсақ кәсіппен айналысатындардың қағаз ақшаға «сүйіспеншілігі» артты. Өйткені үш айда жеке шотына 100 рет аударым жасалған азаматтар «кәсіпкерлікпен айналысып, салық төлемей отыр» деген күдікке ілінеді.

Жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіп жүргізгендерге әкімшілік жаза қарастырылған: 15 айлық есептік көрсеткіштен 100 АЕК-ке дейін айыппұл төлейді. Табысты жасырғаны үшін төленбеген салық сомасынан 200 пайыз (қайталаған жағдайда – 300 пайыз) айыппұл

ЖҰМЫР ЖЕРДІҢ БЕТІНДЕГІ БАРША ХАЛЫҚ ӨЗ ҰЛТЫНА ТӘН ТӨЛ МЕЙРАМЫМЕН МАҚТАНАДЫ. МЕРЕКЕ ДЕГЕНІМІЗ – УЫЗДАЙ ҰЙЫП ОТЫРҒАН ХАЛЫҚТЫҢ БЕРЕКЕСІ. ОЛ ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА–СЕЗІМІН ОЯТАДЫ. КӨҢІЛІН КӨТЕРЕДІ, ЖАНЫН ЖЕЛПІП ЖАДЫРАТАДЫ, ДЕМАЛДЫРЫП, ТЫНЫҚТЫРАДЫ. БІР–БІРІНЕ БАРЫС–КЕЛІСІН КҮШЕЙТЕДІ, ЫНТЫМАҒЫН НЫҒАЙТАДЫ. ХАЛЫҚТЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН АТА–БАБА САЛТ–ДӘСТҮРЛЕРІН ЕСІНЕ САЛАДЫ. ЖАҚСЫ ҒҰРЫПТАРЫН ЖАҢҒЫРТАДЫ, ӨТКЕНІН ЖАҢАРТАДЫ, ӨЛГЕНІН ТІРІЛТЕДІ, ӨШКЕНІН ЖАНДЫРАДЫ, БҮГІНІН ТОЙЛАТАДЫ. БОЛАШАҚ ҰРПАҚТАРЫНА ҚОР ЖИЫП, МОЛ МҰРА ҚАЛДЫРАДЫ. СОЛ АРҚЫЛЫ АРТТАН ІЛЕСІП, ЕРІП, ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН КӨГЕНКӨЗ ҰРПАҚТАРЫМЫЗҒА АРЛЫ, ИБАЛЫ БОЛАТЫН, ҰЛТЖАНДЫ, ОТАНЫН СҮЙЕТІН, ЕЛІ МЕН ЖЕРІН ҚОРҒАЙТЫН, ҰЛТ ДӘСТҮРІН САНАЛЫ ТҮРДЕ САПАЛЫ АТҚАРАТЫН ҰРПАҚ ӨСІРУ ЖОЛЫНДА ТЕРЕҢ ТӘРБИЕ БЕРЕДІ.



БОЛАТ БОПАЙҰЛЫ:

ӘЗ-НАУРЫЗДЫҢ МАЗМҰНЫН БАЙЫТЫП, ЖАҢАША АТАП ӨТУІМІЗ КЕРЕК

Қазақ халқының Наурыз мерекесі асыл салт-дәстүрге толы. Ұлтымыздың тұтас тарихындағы, ұлт болып қалыптасу барысындағы келелі оқиғалар мен ғасырлар бойы басып өткен өмір жолдарын, наным-сенімдерін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, соған орай туған әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен ғылымын, табиғат және жаратылыстану көзқарастарын, біртұтас болмысын түгелдей ашып, айшықтап көрсетеді. Басқа да ұлттармен, ұлыстармен болған қарым-қатынастарын тереңнен түсіндіреді.

Мереке-мейрам ұлттың атақ-даңқын көтереді. Көршілес елдермен етене жақындастырады. Ата-бабаларымызша айтсақ,

«Мереке – түбі береке», «Мерекелі ел – берекелі ел».

Тарихтан бері жалғасып қалыптасқан екі түрлі уақыт есебі бар. Бірі – Григориян есебі.

Екіншісі – Ғижра есебі. Дәл қазіргі 2024 жылдың қаңтар айының жыл басы болып кіруі Григориян есебіндегі уақыт көрсеткіші екені мәлім. Ал біздің қазақ, яғни тұтас түркі тектес елдердің жаңа жылы 2024 жылы Наурыз айының 21 жұлдызында кіреді. Сол күн мен түн теңелген күні жыл басы жаңа жыл деп саналады. Оны біздің ата-бабалармыз «Ұлыс күн», «Ұлыс ай», «Уыз ай» деп атаған. Жеті дәннен тайқазанға тілеу көже жасау, ақ ырыс, көк ырыс, қызыл ырыс, дән ырыс сынды төрт ырыстан мол ақ дастархан жайып қонақ күту дәстүрі, балан салу, арқан тарту, ақындар айтысын өткізу, сөз



Фото: Ғ. ҚАЛИЕВА

жарысы, тағылым тыңдау, бата алу, амандаса бару, сый-сыяпат жасау, сауға беру, ат мінгізу, тон жабу, түйе жетектету, қазан шегелеу, ұйқыашар, теңге ілу, жамбы ату, босаға майлау, діреткізер, селтеткізер, бастаңғы, кәде жасау, сыбаға асу, бұлақ көзін ашу, ағаш егу, көне жылды ұзату, қыдыр атаны, көктем нұрын күту, қыс иесі Ақпан-Тақпанды, Зымыстанды шығарып салу ойындары, балаларға сауғаға ұсыну, өлі-тіріге дұға жасау, ұлы істер істеу, уызқағанақ жасау, ауа райын болжау, бәс жеу, қыдырып тілеу көже ішу, үлкенге сәлем беру, аурулардың көңілін сұрау, өкпе-ренішті кешірісу, кек сақтамау, ескі жылды есіркеу, жаңа жылды жарылқау және тағы басқа толып жатқан дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, жаңартудың бәрі – осы ұлыс күндері ұлы мерекеде атқарылатын іс-шаралар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде (3 қаңтар, 2024 жыл) жарияланған сұхбатында кеңес кезінен қалыптасқан жаңа жыл



мерекесінен гөрі Наурызды ерекше атап өткені өте орынды болды деп ойлаймын. Оның бұл тұрғыда айтқандары ұлттың ұлы мерекесіне үлкен ізетпен қарағаны деп қабылдауымыз қажет.

«Өзіміздің төл жаңа жылымыз – Әз Наурызды естен шығармаған жөн. Бұл мейрам – тіршілікті түлете келетін нағыз табиғи жыл басы. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жаңаша атап өтуіміз керек. Бұл

қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», – дейді Мемлекет басшысы өз сұхбатында.

Ал Наурызды жаңаша атап өту дегенді құр науқанға айналдырмау керек. Нақты өнімі, жемісі, жеңісі, берекесі, қайыры бар ұлы істерді бабадан қалған асыл дәстүрді бұзбай, соған сай ел, халық, ұрпақ көңілінен шығатындай нақты, затты іс шараларды жүйелі, жоспарлы етіп орналастырған жөн. Нақты күн тәртібін белгілеп, мемлекет бойынша бірізді мерекелік тәртіпті заң болуы тиіс. Ереже жасау қажет. Әркім өзінше, әр ауыл, әр аудан, әр облыс өз білгенінше мереке өткізсе, онда бірізділік болмайды.

Жалпы Президенттің бұл ойы – ортаға дұрыс қойылған пікір. Біз осы көзқарасты қолдап, әз-Наурыз мерекесін одан ары жаңғырта түсуіміз керек. Бір жылда бір келетін дәстүрлі мерекенің ұрпақ тәрбиесінде атқаратын рөлі мен беретін үлгі-өнегесі тіптен мол екеніне кәміл сенуге тиіспіз. Сондықтан жаңа заманға, ғылым мен мәдениеті ұштасқан ортаға бағып, әз-Наурыз мерекесін ұлттық идеологияға сай жарасымды өткізуіміз керек. Бұл – қазақ халқының және қазақ мемлекетінің абыройын әлем елдері алдында асқақтата көрсететін өте тамаша уақыт. Осы уақыттың қадірін біліп, төл мерекеміздің қадір-қасиетін кетірмей, қайта берекемен біріге отырып, ұлт мәртебесін биіктете түсейік.

Жазып алған
Оразәлі БАЙМҰРАТ



Фото: Ғ.ҚАЛИЕВА

**ҚАЗАҚЫ БОЛМЫСЫМЕН
КӨПШІЛІКТІ ТӘНТІ ЕТКЕН,
ҚОҒАМДАҒЫ ҚАНДАЙ ДА БІР
МӘСЕЛЕГЕ БЕЙ-ЖАЙ ҚАРАМАЙ,
АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМЫН
БІЛДІРІП ОТЫРАТЫН ӨНЕР
ИЕСІНІҢ БІРІ – ЕЛІМІЗДІҢ
ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ,
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ
АКТЕРІ БЕКЖАН ТҰРЫС. БЕЛГІЛІ
ӘКТЕРМЕН ӘҢГІМЕМІЗ ӨНЕР,
РУХАНИЯТ, ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕ,
ҚОҒАМДЫ КЕУЛЕГЕН ДЕРТ
ТӨҢІРЕГІНДЕ ӨРБІДІ.**

– Бекжан мырза, бүгінде өнерге лайықты баға беріліп жатыр ма? Өзіңіз білесіз, жақында жас әнші Әли Оқаповқа «Құрмет» ордені беріліп еді, жұрт өре

түрегеліп, жерден алып, жерге салды. Қалай ойлайсыз, құрметті де лайық көрмейтін халыққа айналдық па?

– Қалай айтсам екен. Біреудің басындағы бағымен таласқан қалай болар екен. Жалпы бағалау жағына келетін болсақ, бізде осалдық бар. Өйткені шыны керек, шын талант тасада қалып, өнерімен алатын олжаны өлермендер

алмаймыз. Ол енді қалай болған күннің өзінде Алланың қалауымен болатын нәрсе. Бүкіл марапатты алып, аты өшіп жатқандар қаншама. Ал кезінде лайықты бағасын алмаған деп кешегі Мұқағали, Нұрғиса, Шәмшілерді айтуға болады. Қазір бәрі атаққа жұмыс істеп кеткен сияқты көрінеді. Өнер ұлтқа қызмет етуі керек. Бізде сол ала алмай қалған атақ, болмай

БЕКЖАН ТҰРЫС: ҚАЗАҚ ӘРУАҒЫН ҚАДІРЛЕЙТІН, АЛ ҚАЗІР СОЛ ӘРУАҚТАРМЕН АЛЫСАТЫН БОЛДЫҚ

алып жатқан заман. Бізде тамыр-таныс, рушылдық, шәкіртизм деген аурулар бар. Біреуге беріліп жатса, біз шын қуана

қалған жүлде. Әрине, кейбіреулер намыстанатын да шығар. Бірақ осының бәрі күншілдік, рухсыздық деп ойлаймын. Халықтың есінде атақпен емес, өнеріңмен жүрегінде мәңгі қалуың керек. Біздегі өнер адамдарының кемшілігі сол, қоғамдағы кеселдерге бей-жай қарайды. Ұлт болғаннан кейін ұлттық проблема болмай қоймайды ғой. Сондай кезде біздің өнер адамдарының үні шықпайды еш уақытта. Олар сол жаңағы атаққа келген кезде, басқа кезде жандарын салады. Ұнамай да жатқан кездеріміз болады. Өйткені шындық ешкімге еш уақытта ұнамайды. Шындық айту, шындық үшін күресу белгілі бір адамның жеке меншік міндеті сияқты болып қалды. Ал енді шындықты айта алмасақ, болмыс берген талант дегеннің құдыреті бес тиын. Біз атақты сонымен өлшеп жатырмыз. «Ананы алсам, мынаны алсам, ананы анау алып қойды. Мен неге одан қалып қойдым». Неге біз ұлт бойындағы рухани қасиеттерді айтпаймыз. Осы нәрсе мені қынжылтады. Үніміз шықпай, үнсіз қалған, аузымызға құм құйылған



кездер көп. Кешегі жер дауы болсын, басқа нәрселер болсын, жаңағы атақ үшін айқайлап жүргендердің бірін де естіген емеспіз. Біз қазір өзі бір түрлі қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Асан абыздың бір сөзі бар еді «заман бүлінерде, теріс айналады» деген. Сондай бір заман өзгеріп, теріс айналып жатыр ма өзі... Бүкіл ұлтымыздың бойында бар құндылықтардан айрылып



қалдық. Ал біздің ертеңіміз құнды, құнарлы болуы үшін бізге көп нәрсе керек емес. Руханиятқа көп көңіл бөлуіміз керек. Біз руханиятсыздың дертінен халықты аман сақтап қалуымыз керек. Ұлттың бойындағы шынайылығын тазалап алуымыз керек. Сонда ғана ұлтымыздың келешегі, бабаларымыздың өміршең өнегесі кемелдене түсетін еді. Бүгінгі атыс-шабыс, әлекей-сүлекей өнерсымақ тірлікті емес, кешегі бабаларымыздың өміршең өнегесін, тәлім-тәрбиесін бүгінгі ұрпақтың бойына, қанына сіңірсек екен. Біздің ұрпақ кешегі бабаларымыздың үлгі өнегесін өгейсінеді. Осыған үн қоссақ болар еді ғой.

– Күні кеше ғана жазушы Мұхтар Мағауин атамыз сұхбат берді. Біз зиялы қауым санайтын тұлғалардың бірін-бірі даттауы дұрыс нәрсе ме? Ол біздің болмысымызға қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Қоғам екіге бөлініп алды ғой. Бірі даттайды. Бірі мақтайды. Бірақ осы бізге керек пе еді деген ой болады. Біз бетіне қарап отырған абыз ақсақалдарымыз

қазір өздерін аласартып алған сияқты. Жазушылығында мін жоқ, құрметтейміз. Бірақ кез келген адамның бойында пенделік бар. Сол пенделік жеңіп кеткен шығар деп ойлаймын. Әйтпесе, жалғыз Мұхтар ағамыз ғана емес, біздің қалам ұстаған, біз бетіне қарап отырған мақтаныш тұтатын адамдарымыздың барлығы бір бірін жамандап жеп жатқан кезі болған. Сүйінбай атамыздың бір шумақ өлеңі бар:

*Арыз-құрыз, жік-жала, есеп өссе,
Бір-бірінді жоқ қылар өсек өссе.
Өз шешеңнің емшегін өзің турап,
Итке тастау дегенің осы емес пе? –*
дейді.

Қатты айтылған болса да, қазіргі бар нәрсе. Қазақ деген әруағын айбозындай қадірлеген халық. Қазаның орны жіңішке, әруақтың орны биікте, салт-санасын салмақтаған халық едік. Бүгінде сол әруақтармен алысатын болып кеттік. Бұл біздің ұлттың ойын ары қарай алып бара жатқан дүниелер. Осы мәселе толғандырмай қоймайды. Әрине, өкіндіреді. Одан қалса, қалам ұстағанның барлығы өзінше менмен, оқығанның бәрі кердең. Әрқайсысы өзін ақтап алғысы келіп тұрады. Ақталдым деген сөз ол өлдім дегенмен бірдей. Қазір біреуге қарап дұрыс пікір айта алмайсың. Пікір айтсаң, сені көрместей болып кетеді. Керісінше, пікір айтқан адамның қойнында пышағы болмайды. Әлеуметтік желіде де солай, пікір білдірсең, сені көрместей болады. Өйткені біз мақтауға үйреніп алғанбыз. Кеше танылып келе жатқан жазушы, журналистері бар соларды қолпаштап қойып едік, құдай салмасын, сұмдық болып шыға келді. Менің бір айтып жүрген сөзім бар. Баяғыда бір қораз «күн менің дауысымды есту үшін шығып алады» деп өзін-өзі сендірген екен. Мақтау – өнердегі, әдебиеттегі, жалпы руханияттағы адамдардың кемшілігі. Мен мақтауды жек көремін деп айта алмаймын. Егер мен үйтіп айтатын болсам, нағыз екіжүзділіктің арзан түрі болады. Жақсы көрем мақтағанды. Бірақ шегін білемін. Өзімнің дәрежемнің қандай екенін білемін. Мақтауға даңдайсыған адам емеспін. Осы өнер жолында көп нәрсені көріп, көп нәрседен өтіп келе жатқан адаммын. Үлкендердің бірін-бірі даттауы дұрыс емес. Ол



кісілер бірін-бірі мақтан тұтуы керек қой. Соларға қарап бой түзеп келе жатқан ұрпақ не айтады? Жазушыны оқығаны болсын, оқымағаны болсын, сын айтуға келгенде жан салмайды. Отыра қалып жамандауға шебер бәрі.

– Қазір киноны идеология дейміз. Бірақ біздегі кинолар көбіне ырбың-жырбың, арзан күлкі. Қазақ тілін шұбарлап, орыс тіліндегі боқтық сөздерді араластыра бастады. Осылайша шынайы өмірді көретеміз деген оймен, жас ұрпаққа теріс тәрбие беріп жатқан жоқ па?

– Иә, атыс-шабыс, әлкей-сүлкей дүниелер көбейді. Қазір біз батысшыл болып алдық. Лениннің сөзі бар ғой «ең маңызды дүние – идеология» деген. Бізде бәрі қойыртпақ. Қазақша, орысша сөздер, онымен қоса боқтық сөздер ақтарылып, жан дүниенді жалаңаштандырып жіберетін дүниелер көп. Отбасыңмен отырып кино көре алмайсың. Ең өкініштісі, сол киноларда сенің әріптесіңнің жүргені. Мен осындай нәрсемен күресіп жүрсем, менің әріптестерім сол жерде жүреді. Бұл да бір жанбағыстың көрінісі шығар. Өнер деген халықтың ар-ожданының көркемдік бейнесі. Бұрын өнердің салмағы ар-ұятпен өлшенетін. Қазір ардан аттап кетіп жатырмыз. Жаңағыдай арзан дүниелерге ақша үшін барады. Бәлкім, танылу үшін баратын шығар. Мен үйтіп танымал болмай-ақ қояйын. Ертеңгі күні есті ұрпақ келе жатыр. Күндердің күнінде

олар бетке басады. Тоғышарлық жайлаған заманда кеселдерге қарсы тұра алмай жатырмыз. Ұлттың ұлағаты, әдебиеті, мәдениеті, әдеби сақталмаған жерді жын-шайтан иектейді. Қазірден ұлт руханиятын сақтаудың жолын қарастыруымыз керек. Өз еркімен жіберген жастарымыз ойларына келгенін істеп жатыр. Жабайы, жат, өрескел мінездер кеңінен етек алып, жан дүниеміз жалаңаштанып бара жатыр. Ақселеу Сейдімбек ағамыз «Біле білсең, қазір қазақтың рухани әлемі өмір мен өлім додасын бастан кешіп жатыр» деп еді. Өлім деген жақта дін жоқ, діл жоқ, рухани

БЕКЖАН ТҰРЫС:

«БЕСІГІН СЫЙЛАМАҒАН ЕЛДІҢ ЕСІГІН КІМ КӨРІНГЕН ТЕУІП АШАДЫ»

шатылды. Дамыған елдердің рухани мәдениеті деген даңғазадан құлақ түріледі. Ұлт қасіреті – өзіміз өскен тамырдан кіндік ұзу. Қазақтың тілі қандай әдемі, шұрайлы сөздері бар. Біз солай өстік. Ал қазір біздің заманымыз бөлек тұр, кешегілердің өнерін ысырып тастап, жаңаша бағытқа кеттік. Бұл да саясаттың бір түрі шығар. Соны қадағалайтын заң жоқ па, соны қадағалайтын адамдар жоқ па, мынау болмайды дейтіндей. Осы нәрселер кәдімгідей жүрекке мұң ұялатады. Мен бұрын да айтатынымын қазақтың киносында қазақтың өмірі жоқ. «Оян, қазақ» киносы шыққанда қуандық. Айдаладағы боратқа ренжіп жүрген кезімізде, айналамыздағы бораттар ар-намысымызды Алдар көсенің жыртық тонына айырбастап жатыр. Біз намысты бөркінен биік қоятын халық едік қой. Неге сондай намыссыз ұрпақ қазіргі киноларды қойып жатқан. Тағы да сол киноларда әріптестерім жүр. Маған кейде айтады. Сіз неге киноға түспейсіз деп. Қалай



түсемін мен? Ертеңгі күні ол менің алдымнан шығады. Бірақ ойлаймын, есті ұрпақ келе жатыр ғой, түзер осыны. Сол кезде мүмкіндік болар. Қазір қазақ тілі мен орыс тілін араластырып беріп жатыр. Мен оны түсіне алмаймын. Ал сол киноға түскендердікі айналып келгенде танымалдылыққа ұмтылу. Сәбит Оразбаев ағамыз хабарласып «Бекжан дүние жылтыраған сайын адамдардың барлығы қатыгезденіп бара жатыр. Мен саған сенемін, сен өзіңнен кейінгілерге айтып жүрген дәстүр туралы, тәлім туралы, тәрбие туралы айта бер. Біреуі болмаса, соның біреуі алады. Бір адам жаққан отқа мың адам жылынады», – деді. Сол сөзді мен аманат ретінде қабылдадым. Ал қазір сол киноға түскендер өздерін ақтап алғысы келеді.

– Бүгінде жастарды қазыналы қарттарымыз емес, әлеуметтік желідегі қаптап кеткен психолог коучтар тәрбиелеп жатыр. Отырып алып барлығы ақыл айтады...

– Бұл үрдіс біздің ұлттың бойына келген қауіп, қасірет. Кешегі біздің әкелер тәрбиесі, қазақы қатаң тәртіп қандай! Әкені, үлкенді қалай сыйлаудың үлгісін аналарымыз көрсетті. Үйде отырған кезде «әкең келе жатыр» деген бір ғана сөзбен тәрбиеледі. Сол кезде мен ойлайтынмын, әкенің бойындағы бір үлкен қасиет пе деп. Кейін ойланып қарасам, ол ананың бойындағы әліпби екен ғой. Қазіргі қаптап кеткен түрлі психологтар мен коучтардың ақысын төлеп, ақылын тыңдап жүргендерге не деп айтуға болады. Тіпті адамның күлкісі келеді. Біз

енді салт-санасын салмақтаған, ар-ұятты алға қойған халық едік қой. Сол халықтың неге осынша ұсақталып кеткенін кейде мен түсіне алмай қаламын. Иман мен жанды жолына құрбан қылып, ата-баба жолында аштан емес, ардан өлген халық едік. Қазір ардан аттап кетіп жатырмыз. Кешегі қазақтың келіндері, өзіміздің аналарымыз қандай еді?! Осы уақытқа дейін сол кісілердің тәрбиесімен өстік қой. Жеңгелерді көрдік, келіндерді көрдік. Қандай еді шіркін. Мысалы, мен өзім әлеуметтік желіде ауылда ерте көшіп кеткен жеңгем туралы жаздым. Ол кісі жақында жетпіске толады. Осыдан бір жыл бұрын ауылға барсам, жеңгем үйге кіріп келе жатып үш рет иіліп сәлем берді. Сол кезде мен қалжыңдап ол кісіге «көп жаса, ұл тап дейін десем ағам жоқ, әмеңгерлікке сізді алатын ешкім жоқ» деген едім. Содан көрісіп болғаннан кейін ол кісіден үш рет сәлем беруінің сырын сұрадым. Сонда жеңгем, «Менің бірінші сәлемім шаңыраққа берген сәлемім. Осы үйде үлкен кісілер болды. Өсіп-өнген обасы болды. Екінші сәлемім әруақтарға деген құрметім. Ол кісілердің тәні жерде болғанымен, рухы көкті кезіп жүр. Үшінші сәлемім саған берген сәлемім. Сен жас болсаң да елдің алдында жүрген азаматсың», – деді. Осы сөздер мені кәдімгідей сүйсінтті. Қазақтың бойында осындай қасиеттер бар. Ақселеу Сейдімбек ағамыздың да әңгімесін жиі айтып жүремін. Баяғыда Көпен

аға, Фариза апа бар, барлығымыз іссапарға бірге ұшқан едік. Сонда Ақселеу ағаның маған айтқан әңгімесі әлі есімде. Ол кісі: «Кезінде тоқал тамда тұрдық. Жаздыгүні шілденің шіліңгір ыстығында ыстықтан қашқан бақа-шаян тоқал тамға кіріп алады. Сондай кезде бақадан қорыққан жеңгемнің жанұшырған даусы естіледі. Жүгіріп барсаң, үйге не бақа, не шаян кіріп алады. Қышқашпен іліп алып бақаны алып тастаймын. Бір күні домбыраға тиек ойып отырсам, жеңгемнің жан даусы шықты. Жүгіріп барып қарасам, бақа да, шаян да жоқ. «Не үшін шақырдың» деп ренжимін. Сонда жеңгем атамның тонын қағып әкеліп берші деді. «Ол сіздің жұмысыңыз емес пе?» деп кіжіндім. Сонда жеңгем: «Атаңның тонын қаға алмаймын. Жағасынан сілкілегендей боламын ғой» деп еді. Қазақтың келіндерінің қасиеті осындай емес пе? Керегені



ұстайтын да келін ғой. Мен өзім әлі келін түсірен жоқпын. Жақсы бір қазақы тәрбие көрген келін келсе екен деп ойлаймын. Ұлыма да осыны айтамын. Біздің кемшілігіміз отбасының тәрбиесіндегі кемшілігіміз шығар. Мәселе білімнің толықтығында емес, мәселе сананың толықтығында. Бекжанды алаңдатын не десеңіз, тұтас ұлтты біріктіретін сананы қалыптастырсақ деген ой. Мен айтқан ұлттық сана, ұлттық болмыс, қазір осылардың барлығынан ажырап бара жатырмыз. Бір ғасыр бұрын Қазақстанға келген

саяхатшылардың барлығы қазақтың рухани тұтастығына таң қалған екен. Ал енді бүгінгі кезде қазақ бір-біріне жат, бірін-бірі жек көрсе, қалай сонда біздің басымыз бірігеді. Адам баласының бастауы – бесік. Бесік деген ұрпақты, ұлтты бағып-қағудың ұятты қалыптастырудың, намысты тәрбиелеудің құндағы еді ғой. Қазір сол бесіктен ажырап қалдық.

– Күні кеше әлеуметтік желіде қоқыста жатқан бесіктің видеосы тарады. Қазақтың киелі бесігі қоқыста жатыр. Бұған не дейсіз?

– М.Әуезовтың сөзі бар «ел боламын дес ең бесігінді түзе» деген. Жаңағыдай бесігіміз қоқыста жататын болса, оған памперс кінәлі емес шығар. Нұртілеу Иманғалидың «бесігін сыйламаған елдің есігін кім көрінген теуіп ашады» деген сөзі бар. Бесік баяғыда әр қазақтың төрінде тұратын. Біз мүлде басқа мәдениетті көшіруші рухани құлға айналып бара жатырмыз. Қазір қазақ өзінің қазақтығынан жеріп бара жатыр. Қазақтың өзі қазір үшке бөлініп алды. Шала қазақ, таза қазақ, араб қазақ. Тұтас ұлттың санасын қалыптастыратын ұлт қашан болады екен деген ой мазалайды да тұрады. Сайын даланың төсінде өскен саңлақ сақтарды алайықшы. Кешегі ашаршылық, тоқсаныншы жылдарға дейін қазақтың қазақ болып тұруына қазақ әйелдерінің қосқан үлесі зор. Сол Сақ дәуірі кезіндегі Томириске: «Ал енді не қалды саған байың өлді, балаң өлді» деген кезде ол: «Қазақ деген ел қалды, сағымдай сары дала қалды» деген еді. Ал біз сол дүниені сақтап қала алып жатырмыз ба? Сақтай алмай тұрмыз, оған кім кінәлі? Оған біз кінәлі. Біз айтпаймыз. Көп жерде аузымызды жұмып отырамыз. Әбіш ағамыздың «үлкеннің жолын кессем, көрінбей қалам, кішінің жолын кессем, көмілмей қалам» деген сөзі бар еді. «Мына дүниенің зұлымдығы залымдардың залымдығынан емес, жақсылардың үндемеуінен» дейді. Қазір арамызда бар ғой жақсы көрінгісі келетіндер. Жасқа да жалпаңдайтын. Мен айтамын, жасқа аға болсаңшы сен деп. Ертең сөзің өтпей қалады. Осындай дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Өнерде жүрсем де ұлттың ертеңіне көп алаңдайтындардың бірімін. Бірақ қазір керек нәрселерді керек

етпейтін қоғамдамыз. Адамдық деген нәрсе бізде аласарып кетті. Адамдық дегеніміз – табанынан жел көтерілсе, екі рулы елге сәлем бермейтін тоңмойындық емес, «сұңғыла болсам, сыртымды көр де ішімді біл» дейтін бітеулік емес, ыңырсып сөйлейтін зиялысымақ шенеунік емес, адамша өмір сүру. Кешегі бабаларымыздың өміршең өнегесін солардың бір ақуызын бүгініміз бен ертеңімізге емізе алсақ қой. Дәл осы бетімізбен кете берсек, қазақ қазақтығынан айрылады!

*Адал ұрпақ ата салтын ұмытпа,
Бабалар ұстанған дәстүрді ұлықта.
Сақтар болсаң, еліңнің арын сақта,
Жоғын жоқтап барын сақта.
Тілің менен діліңді өгейсітпей,
Өз бабаңның қазақы қанын сақта!*

Біз сол өз бабамыздың қанын сақтап қалуымыз керек. Біз оны сақтап қалмасақ, ертең өзімізге таяқ болып тиеді. Есті ұрпақ келе жатыр, бірақ аз. Кейде көшедегі бірін-бірі аямаған жастарды көріп, батысшыл қатыгез ұрпақ келе жатыр ма деп қорқамын. Мейірім деген ұғымның шырағын сөндіріп алдық. Қазір немере бағып, бесік жырын айтатын ата-әже жоқ. Балаларымызды ертегімен елітіп отыратын әжелеріміз жоқ. Кезінде біз әжелеріміздің қойнында жаттық. Әже құшағында өскен бала мейірімді болады. Баяғыда нанның қоқымын тастатпайтын. Қазір көшеде қоқыстың айналасының бәрі нан. Осының бәрі жанымды ауыртады. Жыр жасыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді» деген қанатты сөзі бар. Қазақты жаңқа отқа жаққың келмесе, қазақтың дәстүрін сақта. Біз дәстүрімізді сақтамай, «дікс-дікс» еткен әуенге кеттік. Қазір жерге түсе алмай жүрген жұлдыздар бар. Халық рухани кездесуге зәру. Кешке дейін даңғыр-дұңғыр әуенді қосу идеологияның осалдығы ғой. Ал оларға не керек? Ақшасын алса, болды. Ұятты ойлап жатқан жоқ. Ертеңгі ұрпақ бетіме айтқан кезде ыңғайсыз болады деген нәрсе жоқ. Бүгінмен ғана өмір сүріп жатырмыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА**



АЛМАТЫ ТАУЛАРЫНДА БӘЙШЕШЕК ГҮЛДЕДІ



Фото: dots_foto



Суреттерді түсірген
Дмитрий ДОЦЕНКО

Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Оразәлі БАЙМҰРАТ
Бас редактордың орынбасары
Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші
Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)